

Ырғыз ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2015 жылғы 2 наурыздағы № 173 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 наурызда № 4238 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 мамырдағы № 23 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 20.05.2016 № 23 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10 бабына сәйкес, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында Ырғыз аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :**

1. Ырғыз ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
Н. САДЫҚОВ*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы
К. ҚОСАЯҚОВ*

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 2 наурыздағы № 173 шешіміне қосымша

Ырғыз ауданы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары

№	Ауыл атаулары	Бейбіт жиналыстар, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары	митингілер,
1	Ырғыз ауылы	С.Еңсегенов көшесіндегі ДЭУ – 9 мекемесінің алдындағы алаң	
2	Құтикөл ауылы	Е.Игібаев көшесіндегі Құтикөл ауылдық клуб үйінің алдындағы алаң	

3	Құрылыс ауылы	Қ.Құлмырзин көшесіндегі Ұлы Отан соғысының құрбандарына арналған ескерткішінің алдындағы алаң
4	Құмтоғай ауылы	Ж.Ордабаев көшесіндегі Ұлы Отан соғысы құрбандары мен Еңбек Ерлері аллеялары жанындағы алаң
5	Нұра ауылы	Т.Жүргенов көшесіндегі орталық стадионның алдындағы алаң
6	Құйлыс ауылы	Бірғыз көшесіндегі Тәуіп ауылдық клуб үйінің алдындағы алаң
7	Жайсаңбай ауылы	Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы атындағы көшесіндегі Жайсаңбай ауылдық клуб үйінің алдындағы алаң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК